

¹Қошанова М.Т.^а, ²Абдиркенова А.К., ³Тоққулинова Г.К.

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, қ., Қазақстан,

²А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан,

³Қайнар Академиясы, Алматы қ., Қазақстан

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ МЕДИАТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ КРЕАТИВТІ ҚОЛДАНУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Қошанова Мараш Тулегеновна, Абдиркенова Ақбидаш Қапанова, Тоққулинова Гульнар Казтаевна

Дене тәрбиесі болашақ мамандардың медиатехнологияларды креативті қолдану құралы ретінде

Аңдатпа. Мақала жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде дене тәрбиесі арқылы креативтіліктерді қалыптастыру үшін медиатехнологияларды тиімді пайдалану арқылы студенттердің кәсіптік дайындықтарын жоғары деңгейге көтеруге болатындықтары туралы мәселелері қарастырылады. Зерттеу жұмысы білім беру стандартының тұжырымдамаларының даму тенденцияларының негізінде студенттердің әлеуметтік-экономикалық ахуалға сәйкес моделінің мүмкіндіктерін анықтаудың жолдарын қарастыруды көздейді. Бұл мәселелерді шешудің қазіргі таңда білім беруді дамытудың стратегиялық бағыты мен алдын-ала болжаудың біртұтас кешендік мәселелерін айқындау және маманның креативтілігін медиатехнологияларды қолдану арқылы оқу үдерісінде маманның қажетті, тиімді мазмұнның көлемін дәлелдейтін маман профессиограммасының портфолиосын құру арқылы моделін жасау мен интербелсенді оқытудың мүмкіндіктерінің жолдары беріледі. Мақалада дене тәрбиесі арқылы кәсіпке даярлау үшін жоғары оқу орындарында медиатехнологияларды пайдалану арқылы инновациялық білім беру технологиясына сәйкес жүзеге асыру мәселесі зерделенеді.

Түйін сөздер: білім стандарты, креативтілік қабілеттері, айқындаушы факторлар, интербелсенді оқыту, маман профессиограммасы, рефлексия, маман портфолиосы.

Koshanova Marash Tulegenovna, Abdirkenova Akbidash Kapanova, Tokkulina Gulnar Kaztaevna

Physical culture as a means of creative application of media technologies by future specialists

Abstract. The article discusses the issues of improving the level of professional training of students through the effective use of media technologies for the formation of creativity through physical education in the educational process of universities. The research work involves considering ways to create a model of students in accordance with the socio-economic situation based on trends in the development of concepts of the educational standard. The solution of these problems currently makes it possible to determine strategic directions for the development of education and holistic complex problems of forecasting and creating a portfolio of professional profiles of specialists. In the work, the author reveals the creativity of a specialist in the educational process using media technologies, shows the necessary, effective scope of the content of the specialist's work. The article examines the issue of the implementation of innovative educational technologies using media technologies in higher educational institutions for professional training through physical education.

Key words: educational standard, creative abilities, main factors, interactive learning, specialist's professionogram, reflection, specialist's portfolio.

Қошанова Мараш Тулегеновна, Абдиркенова Ақбидаш Қапанова, Тоққулинова Гульнар Казтаевна

Физическая культура как средство креативного применения медиатехнологий будущими специалистами

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы повышения уровня профессиональной подготовки студентов путем эффективного использования медиатехнологий для формирования креативности через физическое воспитание в учебно-воспитательном процессе вузов. Исследовательская работа предполагает рассмотрение путей создания модели студентов в соответствии с социально-экономической ситуацией на основе тенденций развития концепций образовательного стандарта. Решение этих проблем в настоящее время позволяет определить стратегические направления развития образования и целостные комплексные проблемы прогнозирования и создания портфолио профессиограмм специалистов. В работе автор раскрывает креативность специалиста в учебном процессе с использованием медиатехнологий, показывает необходимый, эффективный объем содержания работы специалиста. В статье изучается вопрос реализации инновационных образовательных технологий с использованием медиатехнологий в высших учебных заведениях для профессиональной подготовки через физическое воспитание.

Ключевые слова: образовательный стандарт, креативные способности, основные факторы, интерактивное обучение, профессиограмма специалиста, рефлексия, портфолио специалиста.

Кіріспе. Қоғамның дамуына қатысты әлеуметтік қажеттіліктің құбылмалылығы оқу-таным үдерісіндегі әдіс-тәсілдердің рөлін төмендетуі немесе жоғарлатуы мүмкін. Осыған қарамастан, егер оқыту мазмұнын таңдаудың критерийлер жүйесі ғылыми тұрғыдан талданған болса, онда ол таңдаудың бір мәнді емес облысын қысқартуға бағытталған таңдаудың тізбектелген жуықтау жүйесімен қамтамасыз ететінін біз толық сеніммен айта аламыз [1]. Жоғары оқу орындарының алдында тұрған көлемді мәселелерді шешудің нәтижелігі көп жағдайда бақылаудың тиімді ұйымдастырылуы мен оның әдістемесіне байланысты. Студенттердің білімі мен біліктіліктеріне жүргізілген бақылау нәтижесінде алынған мәліметтер оқу үдерісінің барлығына, немесе оның кейбір құрамдас бөліктеріне өзгерістер енгізуге негіз болады. Сондықтан, бақылаудың ең қолайлы әдісі оқыту ісінің ең тиімді және оқу ісінің бағыттаушы шарты болып табылады.

Студенттерді оқытудың сапасы көбінесе оқытудың әдістемелік жүйесіне, оны студенттің тану өрісін кеңейтуде шығармашылық қабілетін дамытуға, өз бетінше жұмыс істеуді жоғарлатуға, жалпы және салалық білімін қалыптастыруға пәнаралық байланыстарды іске асыруға, студенттердің оқу көлемін тұрақтандыруға, қамтамасыздандыруға байланысты.

Студенттердің әр пәнді оқудағы танып, білуі мен іс-әрекетін жоспарлау жұмысына, бұл жұмыстың қарқыны әр студенттің жеке басының қабілетіне сәйкес болуына ерекше көңіл аудару қажет.

Сонымен қатар, студенттердің жалпы және салалық білім мен біліктілігінің қалыптасу деңгейіне негізделген тапсырмаларды жоспарлау, олардың болашақта дамуын болжау, оқытушы мен студенттер арасындағы бірін-бірі түсінушілік пен сынасуға негізделген сенімді және қолайлы қарым-қатынастар қалыптастыру маңызды орын алуға тиіс. Осы ретте, пәнаралық сабақтардың тиімділігі өте зор.

Оқу пәндерінен сабақ беруде әдістемелік жүйені барынша жетілдірудің маңызды бағыты болуы керек. Оқытудың жоспарланған нәтижелері жоғары оқу орындары оқытушыларының оқыту бағдарламасы мен нақты әдістемелік-ұйымдастыру қызметі аралығында оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің маңызын түсіну [2]. Сондықтан, мына мәселелерді ескерген жөн: а) нақты, белгілі бір сәйкес істің орындалуын жүзеге асырылуын тексеретіндей мүмкіндік беретіндей болуы керектігін; ә) жалпы білім алу сапасы

мемлекеттік стандарт қоятын талапқа әрбір студенттің шамасы келетіндей болуы; б) пәнаралық байланыстардың жасандылығы мен олардың үстірттік шалағайлығы сын ескерпелер туғызбайтын болуы керек. Бұл мәселелердің жүзеге асырылуының тиімді жолдарының бірі – дене тәрбиесінің де маңызы зор. Дене тәрбиесі – адамның денсаулығын нығайтып, оңтайлы, қимыл-әрекеттерін қалыптастыратын адамгершілік қасиеттері мен ерік-жігерін жетілдіретін негізгі тәрбие бағыттарының бірі. Дене тәрбиесі төзімділік, шыдамдылық, батылдық, табандылық қасиеттерді шыңдайды [3]. Демек, оқу-таным үдерісінде оқытушы өз әдістемелік тәжірибесі, оқу бағдарламасының мазмұны мен мемлекеттік білім стандарты талаптары негізінде қойылған мақсаттарға оқу үдерісінің жобасындағы педагогикалық түпкі ойды өрнектей білу және оны орындау білім стандартын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагогикалық іс-әрекеттер. Оқытушының шеберлігі мен креативтілігі, оның күрделі әдістемелік іс-әрекеттерін, жаңа технологияларды құрумен байланысты жоғары деңгейде болу оқытудың тиімділігін арттырады. Сондай-ақ, болашақ мамандарды даярлағанда медиатехнологияларды креативті қолдануда дене тәрбиесінің маңызын ескеру, өзінің креативтілік қабілетін шыңдап, болашақты болжау педагогтың шеберлігінің көрінісі. Осы ретте, дене тәрбиесі сабақтарында медиатехнологияларды креативті қолдану, оқу үдерісінің жобасын болжауға ықпал тұжырымдардың пайда болуына септігін тигізеді. Мұның өзі оқу үдерісінің ерекшеліктерін салыстыруға, белгілі бір параметрлердің және тұжырымдамалардың дәлелденуіне алып келеді.

Нәтижесінде, дене тәрбиесі сабақтарының оқу-таным үдерісінде болашақ мамандардың танымдық іс-әрекеттерінің негізгі нормаларын мұқият сақтауға және психологиялық-педагогикалық және физиологиялық-гигиеналық талаптардың оптималдандырылуының пәнаралық байланысының тиімділігін жетілдіреді. Себебі, дене тәрбиесі – дені сау, дене бітімі және рухани жағынан жетілген, моральдық жағынан табанды жеткіншек ұрпақты қалыптастыруға, адамның денсаулығын нығайтуға, жұмыс қабілетін арттыруға, шығармашылық қабілеті мен өмірін ұзартуға бағытталған педагогикалық үдеріс [4]. Мұндай пәнаралық байланыс негізінде оқытушы, жекелеген студенттердің сабақ-тың мазмұнының тақырыбын қабылдау ерекшеліктерін ұғуға тырысады; студенттермен білім-түсініктерін жетілдіру немесе жаңарту мақ-

сатында олармен жұмыс жүргізі қажеттігін түсінеді; кейбір студенттердің пәнді өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінеді.

Зерттеу мақсаты – дене тәрбиесі сабақтарының негізінде пәнаралық байланыс арқылы болашақ мамандардың медиатеchnологияларды креативті қолданудың ерекшеліктерін талдау.

Зерттеудің әдістері мен ұйымдастырылуы.

Философияда және психологияда адамның іс-әрекетінде өңдеуші құралдарды пайдалануын, адамның дамуының негізгі шарттарын және көрсеткіштерінің бірі деп есептеледі. Іс-рекет құралдарын жетілдіру және оның жүзеге асырылуы, шаблондық операцияларға бөлінуі және олардың әрі қарай дамуы пәнаралық байланыстар арқылы оқу үдерісінің деңгейлерінің дамуы белгілі бір айқындаушы факторлардың жетілдірілуіне септігін тигізеді. Ол үшін, оқытушы дене тәрбиесі сабақтарында медиабілім негізінде жаттығуды жоспарлауды үйрету, іздеу жүйелері мен каталогтардың көмегімен жаттығу жұмыстарын орындаудың денсаулыққа пайдалы бірнеше тиімді тәсілдерін меңгеріп, пайдалануға икемдеу қажет. Себебі, болашақ маман ақпаратты қабылдауға икемделіп, креативтілік қабілеттерінің интеллектуалдылық дәрежесінің артуында тұлғалық-бағдарлаудың күзiреттіліктеріне мотивация болады. Өйткені, ақпаратты қабылдаудың негізгі топтарының ықпалы зор болғандықтан оларды атап өтуді жөн көрдік. *Біріншіден*, адам көзімен қабылданатын ақпарат, ол көздік немесе визуалдық ақпарат деп аталады. Бұл ақпаратқа мәтін, графикалық бейнелер және суреттер, фотографиялар, мультфильмдер, бейнефильмдер жатады. *Екіншіден*, дыбыстық ақпарат деп аталатын адамның есту аппаратымен қабылданатын ақпарат. Бұл ақпаратқа шулар, әуендер, сөз жатады. *Үшіншіден*, сенсорлық немесе тактильдық ақпарат деп аталатын, арнайы техникалық құралдармен жұмыс істегенде адамның сенсорлық жүйесімен қабылданатын ақпарат [5]. Осы ретте, оқу-таным үдерісінде тиімді қолданылған медиатеchnологиялар болашақ маманның пәнаралық байланысын арттырып креативтілік қабілеттерінің одан әрі шыңдалуына негіз болады. Дегенмен, осы уақытқа дейін дене тәрбиесі сабақтарында медиатеchnологияларды пайдалану арқылы пәнаралық сабақтастықтың негізінде креативтілікті қалыптастыру туралы зерттеулер қарастырылмаған. Алайда, тек, олардың ғылыми ерекшеліктері қалыптастыру, жалпы білім беру мекемелеріндегі сабақтан тыс уақытта берілетін

дене тәрбиесі, студенттерді ұлттық спорт түрлері арқылы тәрбиелеу, болашақ мамандарды тәрбиелеуде ақпараттық құралдардың маңызы, дене мәдениетін қалыптастыру мәдениеті мәселелері қарастырылған. Мысалы, отандық ғалымдардың бірнешеуін атап өтуге болады. Олар: Ж.К. Оңалбек «Болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» [6]; Д.Б. Бида-нов «Сыныптан тыс уақытта мектеп оқушыларының дене тәрбиесінің педагогикалық негіздері»; [7]; С.Н. Сулейменова «Дене тәрбиесі арқылы мектеп оқушыларының валеологиялық тәрбиесін қалыптастыру» [8]; Л.А. Асмолова «Қазіргі ақпараттық технологиялар негізінде студенттердің дене тәрбиесін басқару»; [9] және т.б. Сондықтан, болашақ маман қазіргі заманауи құзыреттіліктердерді жетілдіру мақсатында: өзінің таңдаған мамандығының ұғымдарын, атауларын, түсініктерін, әрекеттері мен олардың ретін білу, игеру, нәтижелерін қолдану, басқаларға білім мен біліктілікті игеру, бекітуді меңгеру. Бұл жерде интербелсенді әдістердің маңызы зор. Себебі осы әдіс арқылы болашақ маман төменді көрсетілген әрекеттерді меңгреді: а) бірлескен жұмыс; ә) танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту; б) бастамашылық; в) кері байланыс жасау; г) мәселені шешу, шешім қабылдау.

Зерттеу тақырыбына байланысты креативтілікті қалыптастыруға арналған ғылыми-тәжірибелік зерттеулерді талдай отырып, дене тәрбиесі арқылы креативтілікті қалыптастыруда медиатеchnологияларды пайдалану арқылы интербелсенді оқыту арқылы жүзеге асыруға болатындығын дәлелдеуге болады. Себебі, интербелсенді оқыту барысында үйренушілер әрқашанда белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және олармен санасуға үйренеді. Мұндай сабақтарда бір ғана жауап болмайды, өйткені басты мәселе дұрыс жауапты табуда емес, керісінше үйренушінің жеке тәжірибесіне негізделген іздену үдерісінің өзі болып табылады [10]. Осы ретте, дене тәрбиесі арқылы креативтілікті қалыптастыруда медиатеchnологияларды пайдалану арқылы пәнаралық байланыстың қандай да болмасын мәселелерін шешуді қарастырамыз.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Оқу-таным үдерісінде тек бірнеше әдістерді пайдалану арқылы пәнаралық байланыстың негізінде

креативтілікті қалыптастыруда медиатехнологияларды қолдану болашақ маманың таным белсенділігін арттырады. Біз, зерттеу нәтижесінде, болашақ маман мемлекеттік білім стандартының талаптарын жүзеге асыруда біліктілігін жетілдіруге мотивация тудырып, болашағын болжай алуға дағдыланатындығын зерделедік. Зерттеу нәтижесі аясында, Мемлекеттік білім стандартында игеру үшін көрсетілген екі жақты мәселеге ерекше көңіл бөлдік, онда біріншіден, мектептік білім стандарты және мүмкіндікке қарай тұжырымдамаларды, болжауларды, мониторингты пәндерді оқыту әдістемесіне ендіру (біздің жағдайда: дене тәрбиесі сабақтары); екіншіден, түлектердің кәсіби даярлығына қойылатын мемлекеттік білім стандартының талаптарын игеру және жоғары оқу орындарындағы мемлекеттік білім стандартының қызметіне кепілдік беру, оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыздандыру. Бұларды ескеру арқылы, біз болашақ маманның таңдаған мамандығын терең меңгеруге, басқаруға және бастамашылыққа баулиды, тұлғалық-бағдарлық іс-әрекетке бағыттайды. Осы ретте, маман моделінің маңызы зор екендігін тәжірибе барысында дәлелдеп, зерттеу тақырыбына байланысты маман профессиограммасын жасау өзекті мәселелердің бірі екендігінің маңызы зор екендігін анықтадық.

Қарастырып отырған мәселеге байланысты, біз Н.Ф.Талызина мен И.Т.Огородников т.б. қоғамдық дамудың белгілі жаңа өзгерістері мен тенденциялары жоғары оқу орындарына тигізетін ықпалына назар аударсақ, бұл қазіргі таңға дейін өз дәрежесін жоғалтпағандығына көзіміз жетеді. Оларға тоқталар болсақ: *біріншіден*, ғылым мен практиканың арасындағы байланыстың күшейуі және кеңеюі. Мұндай жағдай жоғары мектепке теориялық білімдер мен практикалық даярлықтың арасындағы байланысты нығайтуды, сонымен қатар оқытушылар мен студенттердің еңбегін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруды талап етеді. *Екіншіден*, адамның атқаратын кейбір функцияларын автоматтандыру. Бұл жағдай оқу үдерісінде техникалық құралдарды кең және тиімді түрде қолдануды қажет етеді. *Үшіншіден*, адамның іс-әректтерінде басқару функциясы ролінің артуы. Бұл жағдай оқу үдерісінде оқытушы білімді жай хабарлаумен шектелмей, студенттердің білімді қабылдап ұғынуына басшылық жасауды керек етеді. *Төртіншіден*, барлық қоғамдық еңбек салаларында шығармашылық қызметтің маңызды роль атқаруы. Осыған орай мұғалімдік қызметтің

өзіне тән шығармашылық сипатын одан әрі дамытуға ерекше көңіл аудару қажет. *Бесінші*, қазіргі кезде ғылым, техника, мәдениет дамуында білімнің жаңарып, өзгеріп, жетіліп отыруы. Осыған орай жоғары оқу орындарында оқитын студенттерді өздігінен білім алуға, оны үнемі толықтырып отыруға үйрету қажет [11]. Демек, болашақ маманның біліктілігін жетілдіру үшін оқу үдерісінде тиімді әдіс-тәсілдер, сабақты ұйымдастыру формаларының атқаратын маңызы зор.

Осы ретте, біз, Қазақстан Республикасының білім беру стандартындағы кәсіби – пәндік блоктың «тиісті»: негізгілерін білуі ...; іске асыра білуі...; құрастыра білуі ...; жобалай білуі ...; жүйесін меңгеруі ...; зерттеу әрекеттерінің дағдылар жүйесін меңгеруі ...; бір нәрсеге сүйене алуға ...; түрлі қабілеттіліктерге ие болуға ...; түсіне отырып меңгеруі ...; реттеуші біліктер жүйесін меңгеруі ...; шешім қабылдауға дайын болуы ...; ой жүгірте алуға ...; кәсіби бейімделуге дайын болуы ...; орындауға дайын болуы ...; – сөз тіркестерін жүзе асыруға септігімізді тигіземіз [12]. Сондықтан, біз зерттеу тақырыбымызға орай, болашақ маманды кәсібіне даярлағанда интербелсенді оқыту арқылы пәнаралық байланыстың негізінде медиатехнологияларды пайдалану арқылы шығармашылық қабілеттерінің креативті ойлауына бағыттаймыз. Себебі, студент, ақпараттық құралдар арқылы, бейнелерді; дыбыстық эффектер мен музыканы; бейне және күрделі бейнеэффектілер арқылы дивергентті ойлауға дағдыландырамыз. Нәтижесінде, өзін түсінуі үшін, өзінің іс-қимылын бақылауы үшін, өзінің ішкі дүниесін дамытуы үшін ол өзін бақылауды және өзін талдауды қамтитын рефлексияны меңгеруді қажет етеді.

Студент, өзін-өзі анықтай отырып өзін-дік имиджінің қалыптасуында тұлғалық бағдарланып, креативтілік қабілеттерінің қалыптасуында медиабілімнің ерекшеліктерін жүзеге асырады. Анықтағанымыздай, пәнаралық байланыстар арқылы интербелсенді оқытуда рефлексияның тұлғалық сапаларды жетілдіруіне ықпалы болашақ маманның заманауи талаптарды жүзеге асыруда медиабілімнің ролі зор екендігіне көз жеткізуі арқылы креативтілік ойларын болжауға болады. Өйткені, интербелсенді оқыту арқылы, біз, «үйретуші-үйренуші», «үй-ренуші-үйренуші», «үйренуші-өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас жасай отырып бірлескен жұмысымызды жобалаймыз. Интербелсенді оқытуда білім алушы-

лар келесідей білім, білік, дағды машықтарға үйренеді: – терең ойлау, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту; – өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру; – ақпаратты өздігінен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектігін таңдап алу; – ақпаратты жан-жақты талдау; – өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру; – оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік позиция (көзқарас дүниетаным) ұстану; – пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу; – басқа да балама пікірлерді ескеру; – шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу; – ортақ жұмысқа жұмыла кіру; – басқалармен тиімді қарым-қатынас құру, өзара әрекеттесу; – үйренушілер ұжымына ортақ бірлесе жұмыс жасаудың рухани және моральдік ережелерді қабылдау; – студенттік топты ұжым ретінде қабылдау. Бұл бірліктер тұлғаның тұрақты қасиеттеріне айналып, тек студенттік аудиторияда орын алып қана қоймай, сонымен бірге өмірдің басқа да жақтарынан тиянақты түрде тұтас көрінеді [13]. Осыған орай, қарастырып отырған мәселеге байланысты, болашақ мамандардың дене тәрбиесі арқылы креативтіліктерін қалыптастыруда медиатеchnологиялардың интербелсенді әдісі арқылы жүзеге асырылуына бағытталады. Себебі, интербелсенді оқыту арқылы, біз, ең алдымен, қатысушылар мен топтағы қатысушылардың қызығушылықтарының ұқсастығына; екіншіден, ойында нақты көрсетілген ережелерге байланысты жасалған арнайы рамка ішіндегі қатысушылардың ойыннан тыс әрекеттеріне; үшіншіден, арнайы жасалған ережелерге сай ғана айқын мақсатқа жетуіне; төртіншіден, мақсатқа жетудегі іс-әрекеттердің ерекше түрі болып, тәрбие үдерісіндегі модельдер арқылы басқа қатысушылармен жағымды қарым-қатынас орнатуына; бесіншіден, мақсатқа жету барысында қатысушылардың өздері жан-жақты анықталған тәрбие үдерісінің моделдерін пайдалануға; алтыншыдан, топтық рефлексия мен ойын соңындағы қорытынды бағаларға қол жеткіземіз. Осындай жүргізілген жұмыстар арқылы, біз, болашақта педагогикалық практика ұйымдастырудың төменде берілген моделдерге қол жеткіземіз: *біріншіден*, дайындық барысында тұтас сабақтың және оның компоненттерінің дидактикалық-әдістемелік жағынан талдау және сынып ұжымын психологиялық-педагогикалық тарапынан да әдістемелік материалдар жиынымен студенттерді қамтамасыздандырып, пәнді оқытудың дәстүрлі әдістерімен, формала-

рымен, тәсілдерімен, медиатеchnологиялармен толықтырылып, дайын жобалармен жұмыс жүргізіп, педагогикалық практика барысында жүзеге асырылатын қажетті моделдің үлгісін құрастырады; *екіншіден*, жоғарыды құрастырған моделдің негізінде, соған даярлауда студенттер мектептің оқу үдерісін бір жүйеге келтіріп, нақты бір тақырып бойынша педагогикалық қорытындыға келеді, болашақ жобасын анықтайды, оны жүзеге асыру үшін қорғау жұмыстарын атқарады, дәстүрлі оқыту мен интербелсенді оқыту арасының ерекшеліктерін анықтайды; *үшіншіден*, педагогикалық практиканың соңында, студенттер оқушылардың бойында дәстүрлі және дәстүрлі емес (интербелсенді) оқыту әдістері, формалары, құралдары мен тәсілдері туралы білімдері артып: нақты тақырып бойынша (педагогикалық практика барысында) картаны, сабақтардың ақпараттық карталарын, білімдерін одан әрі дамытудың карталарын және дамытудың ақпараттық карталары мен білім алушылар үшін дидактикалық материалдарды алдын-ала болжай отырып дидактикалық модуль жасайды.

Ұсынылған фактілер. Мұндай жұмыстар студенттің кәсіби біліктілігін арттырудың қоржынына көмекші құрал ретінде болатын маман портфолиосын жинақтауға негіз болады.

Портфолионың рөліне С.Саффованың берген нұсқамасын келтіруге болады: – оқытушы үшін – студенттің жетістіктерімен танысып, олардың маңыздылығын айқындау мен бағалау; студент үшін – тұлғалық тұрғыдан дамып, мотивация мен өзіндік жетістіктер, кемшіліктер мен мүмкіндіктер туралы түсініктерінің өзгеруіне байланысты әрі қарай жетістіктерге жету; – оқу орны үшін – студенттердің мүмкіншіліктерін айқындап, соған байланысты оқу бағдарламалары, сабақ беру әдістемесі мен оқу үдерісін ұйымдастыруды студенттердің мүмкіншіліктеріне байланысты өзгерту; – жоғарыды көрсетілген барлығы үшін – қажет болған жағдайда жасаған жұмыстары туралы құжаттармен дәлелденген есеп беру [14]. Жоғарыда қарастырылған мәселелерді ескере отырып, біз, студенттердің дене тәрбиесі арқылы креативтіліктерін қалыптастырудың маңызын анықтадық.

Қорытынды. Жаһанданудың заманауи өзгерістеріне орай ашылып жатқан жаңалықтар біздің дүниетанымызды, дүниеге көзқарасымызды өзгертуде. Яғни, жаңа парадигма пайда болуда.

Жоғарыда қарастырылған пайымдаулар негізінде, біз, болашақ маманның кәсіби қалыптасуында дене тәрбиесі үдерісін жалпы педаго-

гикалық мақсатқа бағдарлай отырып сәйкестендіру және үйлестіруді зерделеу ойлаудың креативтілігі ретінде екендігін анықтадық. Зерттеу барысында анықтағанмыз, студенттердің өзін-өзі жетілдіру мәселелеріне терең

қызығушылық тудыра алатын және сол үдерістің механизмін шеше алатын ойлаудың креативтілігі – болашақ маманның біртұтас тұлғаға бағыттылығы ретінде қарастырудың тиімділігінің сәйкестілігінің негізі екендігі.

Әдебиеттер

- 1 Сейітқазы П.Б. Баспасөз және тәрбие мәселесі: Оқу құралы. – Астана, 2007. - 112 б.
- 2 Stukalenko N.M., Zhakhina B.B., Kukubaeva A.K., Smagulova N.K., Kazhibayeva G.K. Studying innovation technologies in modern education. - 2016, International journal of Environmental and Science Education, 11 (14), - pp. 6512-6517.
- 3 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. - Алматы: «Мектеп» ЖАҚ, 2002. – 256 б.
- 4 Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика және психологиядан анықтамалық сөздік. – Алматы: «Отан», 2016. – 286 б.
- 5 Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері: / Ав. ұж.: Е.Ы. Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Г.Б.Камалова, Д.Н. Исабаева, Б.Ғ.Бостанов / Оқулық. – Алматы, 2014. – 352 б.
- 6 Оңалбек Ж.К. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007. - Б.41
- 7 Биданов Д.Б. Сыныптан тыс уақытта мектеп оқушыларының дене тәрбиесінің педагогикалық негіздері. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 1993. – Б. 37
- 8 Сулейменова С.Н. Дене тәрбиесі арқылы мектеп оқушыларының валеологиялық тәрбиесін қалыптастыру. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2003. – Б. 37
- 9 Асмолова Л.А. «Қазіргі ақпараттық технологиялар негізінде студенттердің дене тәрбиесін басқару» Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2003. – Б.45
- 10 Оқытудың инновациялық әдістемелері мен технологияларын жоғары оқу орындарында қолдану тәжірибесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. – 179 б.
- 11 Сабыров Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. / Көмекші құрал / – Алматы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. - 83 б.
- 12 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669_07.03.2022
- 13 Практика применения интерактивной методики обучения в вузах. Учебно-методическое пособие. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2011. – 179 с.
- 14 Саффокова С. Портфолио как способ научить письменной аргументации. – Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, осень 2001, (6). – С.11-15

References

- 1 Сейітқазы П.Б. Баспасөз және тәрбие мәселесі: Оқу құралы. – Астана, 2007. - 112 б.
- 2 Stukalenko N.M., Zhakhina B.B., Kukubaeva A.K., Smagulova N.K., Kazhibayeva G.K. Studying innovation technologies in modern education. - 2016, International journal of Environmental and Science Education, 11 (14), - pp. 6512-6517.
- 3 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. - Алматы: «Мектеп» ЖАҚ, 2002. – 256 б.
- 4 Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика және психологиядан анықтамалық сөздік. – Алматы: «Отан», 2016. – 286 б.
- 5 Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері: / Ав. ұж.: Е.Ы. Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Г.Б.Камалова, Д.Н. Исабаева, Б.Ғ.Бостанов / Оқулық. – Алматы, 2014. – 352 б.
- 6 Оңалбек Ж.К. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007. - Б.41
- 7 Биданов Д.Б. Сыныптан тыс уақытта мектеп оқушыларының дене тәрбиесінің педагогикалық негіздері. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 1993. – Б. 37
- 8 Сулейменова С.Н. Дене тәрбиесі арқылы мектеп оқушыларының валеологиялық тәрбиесін қалыптастыру. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2003. – Б. 37
- 9 Асмолова Л.А. «Қазіргі ақпараттық технологиялар негізінде студенттердің дене тәрбиесін басқару» Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2003. – Б.45
- 10 Оқытудың инновациялық әдістемелері мен технологияларын жоғары оқу орындарында қолдану тәжірибесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. – 179 б.
- 11 Сабыров Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. / Көмекші құрал / – Алматы Ы. Алтынсарин

- атындағы Қазақ білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 83 б.
- 12 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669 07.03.2022
 - 13 Практика применения интерактивной методики обучения в вузах. Учебно-методическое пособие. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2011. – 179 с.
 - 14 Саффкова С. Портфолио как способ научить письменной аргументации. – Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, осень 2001, (6). – С.11-15.

<p>Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор) Кошанова Мараш Тулегеновна – 3 курс докторанты, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті e-mail: marash.koshanova70@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9493-5362</p>	<p>Автор для корреспонденции (первый автор) Кошанова Мараш Тулегеновна – докторант 3 курса, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева e-mail: marash.koshanova70@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9493-5362</p>	<p>The Author for Correspondence (The First Author) Koshanova Marash Tulegenovna – 3rd year Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University e-mail: marash.koshanova70@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9493-5362</p>
---	--	---